

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Мангистауская область

Асанова Азиза	2
Бекесов Мейірхан.....	6
Есенқұлова Мадина.....	9
Жұмасатова Шынар.....	13
Заирова Айдана	15
Сейілқасымқызы Алуа.....	18
Сисен Салтанат.....	22
Түгелбаева Жадыра	24
Түлеева Меруерт	27

Асанова Азиза

10 сынып, №17 ЖББ орта мектеп

Ақтау қаласы

Жетекшісі: Жансая Э.Б.

Ұлы Отан соғысы жеңісіне -71 жыл

Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеиясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 71 жылдығын ерекше атап өткен болатын. Ұлы жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. 1945 жылы 9-мамыр күні дәл осы шаттық хабарды есітіп тұрып, бүкіл әлем шаттыққа бөленіп, теңселіп кетті. Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста-1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмытылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып, өзінің жақындарынан көз жазып қалды. Бірақ бәрібір Берлинге рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһармандар, қаншама ер жүрек батырлар бар жан-тәнімен, мына жарық өмір үшін аянбай ұмытылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті ортасы. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір қадамы, жеңісті жақындата әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың-қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігін тек қана кітаптардан, кинолардан көре аламыз.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерліктерін-бағалай білу қажет. Соғыс жылдарында біздің ата-бабаларымыз өздерінің ерліктерімен қазақ халқының батырлығын әлемге паш етті. Қазақұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз. Соғыс дүниежзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Қазақ халқына жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Әлем 1941 жылы соғыста кі бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. Бүгінгі ұрпақ Ұлы тан соғысындағы Кеңес Одағы оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы оңдаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған. Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас-түйіндей бекітілді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуына 24 пайыз жеткен. Халқымыз басынан көптеген қиындықтар өткізді, сол қиындықтарға қарамастан өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол үшін берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Қазақстан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас бөлігі ретінде кірісті. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы қаулысымен Қазақстан және Орта Азия, Кавказ Республикаларында ұлттық әскери құрамдар жасақтала басталды. Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының командирі И.В.Панфилов бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлесін қосты. Ұлы Отан соғысына қатысқан Бауыржан Момышұлы сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес Одағының батыры атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, Ә.Қайдаров және басқалары

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси-тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты. Ұлттық академияның академиктері атанды. Соғыстың от-майданында жүріп «алты алтаны ас етіп», «толарсақтан қан кеше жүріп», елге жеңімпаз ретінде оралған олар соғыстың ерлік рухын, адам бойындағы бар жақсылықтарын қағаз бетіне түсірген. Иә, 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан емлекеті берік орын алды. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзы етіп бас ию қажет. Ер есімі-ел есінде мәңгі сақталады. Ешкі де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді. Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз, өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине халықтың жеңіске деген сенімі.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар»-дей келк Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстайыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерін әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз. Міне, ежелден еркіндікті аңсаған азат халқымыз тәуелсіздігінің 25 жылдығын тойлады. Қазақстан, тәуелсіз мемлекет ретінде, дүние жүзіндегі барлық елдерге түгелдей дерлік танылды.

Тәуелсіздік! Тәуелсіздік деген қастерлі сөз екен-ау!
Шыдамадым қапаса,
Кеңшілікке қаштым.
Көндікпедім матауға,
Асау патша бастым.
Уһ, шырқап, зымырап,
Сұңқардай зулап ұшайын!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұшайын!

-деп, дүние құндылығы бостандықта екенін Сәкен Сейфуллин атамыз атамыз да жырлап өтті.Бәрінен бұрын адамның жан дүниесі, рухы мен ар-ұжданы азаттықты тілейді екен. Сол халқым өз табиғатына тән тіршілік кешкісі келсе, несі айып?

Ақыры бұғау біткенге сыймай, шідер біткенді шірей тартып, халқымыз тәуелсіз ел дербестігіне қол жеткізді. Тәуелсіздік –ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі,күші, алтын дiңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік-арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

Мәңгі жаса, менің Қазақстаным! Мәңгі жаса менің Елбасым! Міне осындай данагөй, асыл қасиетке бай елде дүниге келгеніме мақтанамын, мен қазақ екеніме шаттанамын және елімізді еліп етіп, өлшеусіз еңбек етуінің арқасында ұстап тұрған сізге ерекше ілтипатпен қараймын. Осындай жігерлі, қайратты, дана Елбасымен мақтанғанның өзі-бақыт.

Бекесов Мейірхан

10-сынып, №21 Құлсары қаласы, Атырау облысы
Жетекшісі: Ұлғатова Сайра Аманкелдіқызы

Жеңіс жаңғырығы

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр.

Жеңіс! 1945 жылдың 9мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі Рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз, Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігін ұастерлеу– кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыздың рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс кимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендіргені белгілі.

Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар: М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси- тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз. Өйткені, олар біз үшін ,Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып,Отанын қорғады.

«Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе, Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай, ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтсе де, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыз тарих төрінен орын алады. Біз, олардың ұрпақтары, мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түкпірінде ұстаймыз.

Есенқұлова Мадина

8-сынып, №21 мектеп Құлсары қаласы Атырау облысы
Жетекшісі:Измағанбетова Құралай Ғарифоллақызы

Біздің көше батыры

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат - екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап.

Бұл тақырыпты шын мәнінде ашу үшін сол сұрапыл соғысты өз көзімен көрген адаммен сұхбаттасқанды жөн көрдім. Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Сондай ержүрек батырлардың бірі - менің жерлесім, Құлсары қаласының тұрғыны Әбдірахман Елубаев.

- Сәлеметсіз бе, ата! Маған сіздей ұлы адаммен кездескен, сіздей батырды көзбен көрген үлкен қуаныш! Менің сіз туралы, соғыс туралы барлығын білгім келсе де, сіздің мазаңызды ала бермей, сұрақтарымды нақты, қысқа қоюға тырысамын. Ата, сіз соғысқа қалай шақырылдыңыз, қандай жерлерде ұрыстыңыз?

- Сәлеметсің бе, айналайын, ниетіңе рахмет! Мен өзім жас болмасам да, сол кездер есімде жақсы сақталған. 1944 жылдың қараша айында ауданнан әскерге 96 адам алындық. Оның ішінде Ибраев Қапес, Жақсыбаев Қыдырбай, Жұмашов Тұрым, Жәңгір дейтін жігіттер бірге аттандық. Бізді Орынбордағы Андреевка деген деревняның Оңтүстік Орал соғыс округінің 13-ші атқыштар дивизиясы 361 полкіне жіберді. Ол жерде кіші командирлер дайындайтын курстан өттік. Содан соң Батысқа қарай 15 күн жүріп, Шығыс Пруссияға келіп, 120-ншы гвардиялық дивизиясының 339-ншы полкінің қарауына ендік. 3 күн жаяу жүріп, Берлиннің солтүстік қақпасынан Кенгисберг қаласының тұсынан соғысқа кірістік.

- Фронтқа алғаш жіберілгеніңізде қандай сезімде болдыңыз, қорықтыңыз ба?

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

- Шайқасқа алғаш кіргенімде, мен өте қатты қорқып кеттім: жау ұшақтары аяусыз атып жатты, танктер үздіксіз ағылып жатты. Біздің әскеріміз минут сайын сирей берді, аяусыз қырыла берді.

-Әбдірахман ата, ал соғыс аяқталғанда сіз қайда едіңіз?
- 28 сәуір күні ауыр жаралы болдым. Госпитальде жатыр едік. Бір күні соғыс бітті деген қуанышты хабар келіп жетті. Бәрі у-шу, мээ-мейрам. Ауыр жарақаттанып, орнынан тұрудың өзі мұң болып жатқан майдангерлер қуанышы қойнына сыймады. Сондағы қуаныштан жаным шығып кетер ме екен деп ойладым. Мен де тұрып оң қолымнан жараланғанымға қарамастан, сол қолыммен елге хат жаза бастадым.

-Ата, қандай марапаттарыңыз бар?

- Мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігім үшін I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің бірнеше мерекелік медалімен, «Кеңес саудасының үздігі» белгісімен марапатталдым.

- Елге аман-есен оралған соң еңбекке араластыңыз ба?

-Соғыстан соң еңбекке араласып, 1946-1951 жылдар аралығында Калинин селолық Кеңесінде хатшы, 1952-1993 аралығында Құлсары мұнай өндірісінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде есепші, бас есепші, экономист қызметтерін атқардым. 1993 жылы сол мекемеден зейнеткерлікке қалдым.

Сұхбат соңында қарт жауынгер Әбдірахман Елубаев өскелең ұрпаққа өзінің ақжарма тілегін айтты:

-71 жылдық мереке құтты болсын. Оған жеткен де бар, жетпеген де бар. Ауданнан бірге аттанған 96- мыздың ішінен қазір бесеуіміз қалдық. Еліміз тыныш болып, әл-ауқатымыз арта берсін. Халқымыз бейбіт өмір сүрсін. Соғыс өрті ешқашанда тұтанбасын.

- Ата, сұхбатыңызға көп рахмет! Жеңісіңіз құтты болсын, аман болыңыз!

Осы сұхбаттан кейін мен адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жетпіс бір жылдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян. Қанша үйдің ұрлап адамын, Қанша үйде сөніп қалды оттар, - деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс бір жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ. Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Бірақ, кеңес халқы міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Халқымыздың ержүрек ұлдары мен ер-азаматтары өзінің Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді, бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық танытты. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек майданында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді.. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегеніңді істеуге тиістісің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс істетулерге қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Осынау қиын күндерді қазір Әбдірахман атаның айтқан әңгімелерінен де естіп, заманның сыры мен үнін көз алдыма елестетемін. Қазақ халқынаң ой-сезімін Әбдірахман Елубаевтың: «Фашистік құзғындар еркіндік сүйгіш халықты құлдыққа түсіруге, жерімізді, малымызды тартып алып, мойнымызға арқан салуға тырысты. Бұлай болмақ емес! Қазақ халқы бойындағы Махамбет бабамыздың айбынды рухы өлген жоқ. Біздің даламызда ержүрек жігіттер мен сәйгүлік аттар қашан да бар. Отан соғысында қазақтар құлдыққа түсірушілерге қарсы қасық қаны қалғанша шайқасты деп мақтанышпен айтамын!» деп қасиетті жерімізге шабуыл жасаған фашистік хайуандардың сұмдық арсыздығынан сырт қала алмайтындығын, басқыншы жауға туған жер топырағын таптатпайтындығын айтқан жалынды сөздерінен көре аламыз.

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде жауға ойсырата соққы берген ержүрек жауынгер Әбдірахман Елубаев Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. Небәрі он сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгердің жалынды үні жерлестерінің жанын тебіrentіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды.

Көңілге көп тоқыған
Кәрі-құртан ашынды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қара қағаз оқудан
Сауатымыз ашылды,

- деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай, Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгін бұл мейрамды кешегі майдангерлер –соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде бізге бейбіт өмір сыйлаған Ұлы Отан соғысының ардагерлері тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбектерімен жеңісті шыңдаған шаруалар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыздар тойлайды. Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, тамыр-таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз. 9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 71 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! «Ер есімі-ел есінде»,-демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ!

Жұмасатова Шынар

11-сынып, Ұштаған орта мектебі
Маңыстау ауданы Ұштағанауылы
Жетекшісі: Құлжанова А. Д.

Жеңіс жолы жалғасады

Мен оқушымын. Менің өмір жайлы толғаныстарым мен өзіндік философиям, көзқарастарым мен өмірлік ұстанымдарым әлі де қалыптасу үстінде. Дегенмен мен өткен жылы ғана 70 жылдығы тойланған еліміздің Ұлы Отан соғысындағы Жеңісіне шын жүректен қуанып, соғыс атаулыға бар пейіліммен лағнет айтқандардың бірімін.

Себебі менің арғы атам Көмеков Нәдір осы соғыста хабарсыз кеткен. Ауылдан аттанған атпалдай азаматтың із-түссіз жоғалуы деген нағыз қасіреттің қасіреті екен. Әжеміз өзі өмірден өткенше батысқа қарап телмірумен күнін батырып, таңын атырыпты. Үзілмеген үміт, сағыныштан сарытап болған сенім, азаматын аңсаған арман көкейді тескен күдікке бой бермеген. Белгісіздік жанын жеп, тағатсыздықтың тұңғиығына батқанда әжеміз, тіпті, соғыстан аман келгендерге қызғана, «ерлікпен қаза тапты» деп кара қағаз келгендердің жанұясына қызыға қараған.

Ай, пендешілік-ай десеңізші! Өлі-тірісін білмей, сананы сансыратқан сансыз сұрақтың жауабын таппағаннан, өмірден өтті деген хабарын естіп, армансыз жоқтағанның өзі де бір ғанибет екен – ау! Сол сұм соғыстың салған жарасы, міне, 75 жылдан бері әлі сыздап келеді. Ал, бұл жара тек біздің әулеттің ғана көкірегіне түскен жоқ еді. Қаншама ана баласынан айрылып, аңырап қалды, қаншама әйел жарын, жастығын жоғалтты, қанша бала ботадай боздап, әке мейірімі мен ата батасынан шектелді. Жесірдің көз жасы мен жетімнің жоқтауы жер-дүниені тітіретті. Қара жердің қабырғасы қасіреттен қайысты. Ұлы ғаламның тыныштығы бұзылып, адамзаттың арына дақ түсті. Жақсылық пен жамандық, жауыздық пен адамшылық, қуаныш пен қайғы, соғыс пен жеңіс арпалысқан аласапыран шақта Ұлы Жеңіс биікке көтеріліп, жалауын желбіретті. Рейхстагке тігілген ту болып, тұғырына тұрақтады. Батыстан бастау алып, баянды болашаққа бағыт түзеді. 71 жылдық тарихы бар Ұлы Жеңіс жолы жалғаса бергей. Тәу етер жалғыз киеміз-Тәуелсіздіктің тамыры терең, тұғыры мықты болғай. Кешесіз бүгін, бүгінсіз болашақтың болмайтынын ескерсек, «Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайтыны» ақиқат. Менің атамның да ел үшін ерлік көрсеткеніне, Отан алдындағы

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

борышын адал атқарғанына мен сенімдімін. «Белгісіз жауынгер бейітінде», «Бауырластар зиратында» сол бір маңғыстаулық қара көз қазақтың жатпағанына кім кепіл?! Олар жат жердің топырағын жастанып, туған жерден жырақта от кешіп жүріп, бүгінгі біздің тәуелсіздігіміз бен бейбіт күнімізді қорғап қалды емес пе?! Ұлы Жеңіс бізге сонысымен де қымбат. Жауынгерлердің бойындағы Отанға деген патриотизм, туған елге, жерге деген сүйіспеншілік, ұрпақ алдындағы жауапкершілік соғыс өртің тұтатқандарға деген өшпенділік пен ыза-кекке айналып, Талғат пен Хиуаз болып көк жүзінде самғады, Әлия мен Мәншүктің пулеметінде сарнады, Бауыржан мен Қасым болып орыс орманын шарлады, Матросов пен Баймағанбетов болып дзоттың өзін жалмады. Өздері өлді, өмірлерін ұрпақтың амандығына арнады.

Мен 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына қатысқан, қаза тапқан, жараланған, аман келіп тылда еңбек еткен барлық ардагерлердің алдында басымды иемін. Бойымды мақтаныш сезімі кернейді. Сіздер мәңгі тірісіңіздер дегім келеді, есімдеріңіз ел жадында сақталады дегім келеді. Сіздер туған жердің төсіндегі бейбітшілік сақшысына, ел күзетіндегі сұсты тұлғаға, гранит тас мүсінге айналдыңыздар. Әрбір қала, ауылдағы ескерткіш тақтаға есімдеріңіз жазылған. Оның ішінде менің аядай ауылым, Ұштағаным да бар. Бүгінгі ұрпақ сіздердің аттарыңызды әнге қосып, жыл сайын 9 мамырда ескерткіштеріңізге гүл шоқтарын қояды, есімдеріңізді еске алып, ерліктің алдында тағзым етеді. Елім деген ерін елі мәңгі ұмытпайтындығының айқын көрінісі осы емес пе?!

Сіздер жеңдіңіздер! Ендеше біздің де жеңілуге хақымыз жоқ. Біз де Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай дамыған 30 елдің қатарынан көрініп, әдебиетімізді, мәдениетімізді, білімімізді, экономикамызды, спортымызды, әлеуметтік саламызды, өнерімізді әлемге одан әрі таныта түсетін боламыз. Елтаңбасында көктің жүзін шарлаған Қыран бейнеленген Көкбөріден тамыр алған, барыс тектес елдің ұланы атағын аспандата беретініне біз сенеміз. Бұл сіздер қасық қандарыңыз қалғанша қорғаған Ұлы дала ұрпақтарының ата алдындағы қарызы, Отан алдындағы парызы. 71 жылдық тарихы бар Ұлы Жеңіс жолының жалғастығы деген осы болар, сірә!!!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Заирова Айдана

11 сынып №17 орта мектеп

Ақтау қаласы

Жетекшісі: Аманова Б.Т.

Отты жылдар жаңғырығы.

Мен соғыстым, жоғалды жолдасым көп,
Өмірде жауыздықтар болмасын деп.

Мен жеңдім, жаралы ормандарға,
Жаралы құстар келіп қонбасын деп.

Мұқағали Мақатаев

Біздің халқымыз қай уақытта да өз намысын, өзінің елімен жерін, Отанын білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған халық. Қандай да қиындыққа төзген, мойымаған, оны жеңе білген. Осындай зұлматтың бірі – Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы басталғанына биыл 75 жыл болды, ал Жеңіске 71 жыл толмақ. Осыншама жылдар өтсе де бұл қырғын соғыс, оның салған жарасы, халқымыздың естен кетпес ерлігі ұмытылмайды.

Рас, қайғы-қасірет бар қаптаған,
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.
Әкелгенмен, әр адамға бір қайғы
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған,

- деп ақын Мұқағали жырлағандай сол бір сұрапыл жылдар тарихта өшпес із қалдырды.

Біз ХХІ ғасыр ұрпағы, қазіргі заманның жастары 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жайлы тек тарихтан ғана білеміз кітаптан оқып, кинолардан көреміз. Сол зұлмат жылдардағы халықтың тартқан тауқыметін соғыстан жеңіспен аман-есен оралған ата-әжелеріміздің әңгімесінен естідік.

Елге қауіп-қатер төнген отты жылдарда, сын сағатта біздің Қазақстаннан барған ерлеріміз де Отан үшін, Ел үшін, Жеңіс үшін жандарын пайда еткен. Қазақстаннан майданға шақырылған мыңдаған адамдардың көпшілігі ұрыс даласында ерлікпен қаза тапса, кейбіреуі із-түзсіз жоғалып кеткен. Кеңес одағы Батыры атағын алған 500 қазақстандықтардың ішінде Т. Бигелдинов, Л. Беда, И. Павлов, С. Луганский Батыр атағын екі мәрте, ал Шымкенттегі Чугуев әскери училищесінің түлегі И. Кожедуб үш мәрте иеленіпті.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Шығыстың қос шынары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, рейхстахқа ту тіккен – Рақымжан Қошқарбаев, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Габдуллин, ұшқыштар – Талғат Бегельдинов, Нүркен Әбдіров, партизан Қасым Қайсеновтің ерлік істері бүгінгі ұрпаққа үлгі.

Ел басына күн туған қиын - қыстау жылдарда «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы Жеңіс үшін!» деген жалынды ұрандарымен тылда да белсене еңбек еткен халықтың ерлігі де өз алдына бір төбе еді.

Таңның атысы, күннің батысымен, майдандағы жауынгерлерге жылы киім, байпақ, қолғап, азық-түлікті молырақ жіберу үшін ауылда қалған әйел, бала-шаға жанқиярлықпен, аянбай еңбек еткен. Бұл да ерлік, бұл тылдағы ерлік.

Соғыс жайлы мен атамның әңгімесінен көп білемін. Ұлы Отан соғысының ардагері, менің анамның атасы Бөбекбаев Қуанбай 1926 жылы Маңғыстау облысының Бозашы ауылында дүниеге келген. 1930 жылдардағы ашаршылық кезінде ата-анасымен бірге, жан сақтау қамымен Түркменстан еліне кетуге мәжбүр болады.

Соғыс басталғанда ол 18 жаста екен. 1944 жылы Кеңес Армиясының қатарына шақырылып Австрия, Венгрия елдерін азат етуге, Прага, Братислава қалалары үшін болған жойқын ұрыстарға қатысқан.

Атам сол соғыс жылдарында басынан өткен оқиғаларды, талай өрімдей жап-жас боздақтардың ұрыс даласында асқан ерлікпен қаза болғанын мұңая еске алып отырады. Жеңісті Германияның Дрезден қаласында қарсы алған. Менің атамның 8 баласы, 16 немересі, 8 шөбересі бар. Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Жаңаөзен қаласында атамның қазір тұрып жатқан 5-ші шағынаудандағы 67 үйге мемориалдық тақта орнатылды. Бұл біздің үкіметіміздің майдангерлерге көрсетіп жатқан үлкен құрметі, тағзымы деп білеміз. Жаңаөзен қаласында қазіргі күні тек қана 4 соғыс ардагері тұрады екен.

Неменеге жетістің бала батыр?
Қариялар азайып бара жатыр.-
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп кезегін жағада тұр!

Иә, олар саусақпен ғана санарлық. Әр қалада, әр ауылда санаулы ғана соғыс ардагерлері тұрады екен. Осы ардагерлерге құрмет көрсету, көмек беру

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жылда көктем айы мамырда, Жеңіс күні мерекесінде әр соғыс ардагерінің үйіне барып, оларға ізет көрсету біздің міндетіміз.

Айтулы ақын Мағжан Жұмабаев:
Арыстандай айбатты
Жолбарыстай қайратты
Қырандай күшті қанатты
Мен жастарға сенемін - деген екен.

Ата-бабаларымыз ұлан байтақ жерімізді «Найзаның ұшымен, білектің күшімен», қанаттыға қаңтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай сақтап қалған елімізді өркендету, қорғау біздің міндетіміз. Біз жер бетінде енді ешқашан соғыс болмасын деп, ана жесір, бала жетім қалмасын деп тілейміз.

Әр ұрпақ өз дәуірінде, өз соқпағын іздейді.

Ендеше қазіргі ұрпақтың алдындағы үлкен мақсат – сол соғыс кезіндегі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігін үлгі ете отырып, тәуелсіз еліміздің, ұлан байтақ жеріміздің болашағы үшін күресу.

Сейілқасымқызы Алуа

10 сынып №17 ЖББ орта мектеп

Ақтау қаласы

Жетекшісі: Жансая Э.Б.

Жеңіс... Арман болған, Жеңіс!

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары барлықжігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлингтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтардың рухына бас иіп, олардың ерлігінің саяси – кейінгі буынның азаматтық парызы. Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды.

Ол дүние жүзі халықтарының бестен төртінші тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді. Ең соңғы деректер бойынша бұл алапатта 60 мил. адам қаза тапты. Кеңес Одағының адам шығыны ресми түрде 27 мил. деп есептеледі. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді.

Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны жас ұрпақ білуі керек. Ол соғыстағы жеңістің қайнар көздері, негіздері мен қозғаушы күштері туралы ондаған, тіпті мыңдаған еңбектер жазылған.

Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Республикамыз халқы қаһарлы жылдары тас- түйіндей бекілді. Қазақстан халқының соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24% жеткен. Ал екі майданда бірдей соғысқан Германия халқының соғысқа жұмылдырылуы 12 % болған. Осы деректен-ақ тылдағы еліміз халқына қандай ауыртпалық түскенін айқын көруге болады. Салмақ әйелдер мен жасөспірімдерге түсті. Соғыс жылдары өнеркәсіпте еңбек еткендердің 50% жеңіл, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінде 85-90%, ауыл шаруашылығында 80% астамы әйелдер болды. Жастар жұмыс істейтіндердің 35-40% құрған. Осындай жұмысшылар құрамымен Қазақстан соғыс жылдары КСРО-да өндірілген молибденнің 60%, металдық висмуттың 65%, полиметалл рудаларының 79%, мыстың 35%, қорғасынның 83% берді. Батыс аудандардан көшірілген 220 кәсіпорынды қабылдап, қысқа мерзімде іске қосты. Өз халқының тұрмыстық-әлеуметтік жағдайы төмен бола тұрса да республикамыз соғыс жылдары орталыққа 4 829 мың тонна астық, 600 мың тонна ет тапсырды.

Республика малшылары Қызыл Армияға 110 мың ат берді, бұл 10 атты әскер дивизиясын құруға жетті. Соғыс өртіне шалынған аймақтардан эвакуацияланған жүздеген мың адамдарды, кейіннен саяси-сүргінге түсіп, депортацияға ұшыраған 1 миллионға жуық әртүрлі этнос өкілдерін қабылдады. Мұның бәрі республикадағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды одан әрі күрделендірілгені белгілі.

Халқымыз осының бәріне ерекше төзімділік көрсетіп, тағдыр талқысымен келгендерге қол ұшын берді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. Бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бұл сан бірде 97, бірде 98 болып беріліп келген болатын.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенев, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальион командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір қантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды.

Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесіне, Қазақстанның индустриялы, аграрлы ел болып қалыптасуындағы басқару мектебін құрудағы рөлін айту парыз. Отан соғысынан қайтқан жеңімпаздар аса құштарлықпен, адалдықпен, іскерлікпен еңбек етті. Отан соғысы жеңімпаздарының ерекше миссиясы туралы айтқанда ғалымдарымыздың екінші тылдағы ерлігі туралы айту қажет. Белгілі ғалымдар М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров және басқалары соғыс кезінде ең қиын сәттерде жауынгерлердің арасына саяси- тәрбие жұмысын жүргізіп, алдыңғы шепте аянбай соғысса, соғыстан кейін ғылымның бүкіл бір саласына бағдар, басшылық жасап, Қазақстанда іргелі ғылымның дамуына ерекше үлес қосты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Иә, 1945жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет.

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық кандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Сисен Салтанат

10-сынып, №21 орта мектеп

Жаңаөзен қаласы

Жетекшісі: Төлеген Қ.

Бір үзік сыр...

Демім ішіме сыймай, жүгіріп, табалдырықтан аттаған бойы үйдің тыныштығына көзім жетті. Сықырлап басқан әрбір қадамым күнде көретін, қабырғада ілініп тұрған, көздерінде терең мағына жатқан, әкемнің көздерінен аумайтын суретке бүгін де көзім түсіп, қасына еріксіз жақындадым.

Атам болатын. Мойнына асылып, иіскеп-иіскеп сүйіп, арқасына жүгіріп барып құшақтап, дауысын өз аузынан естімесем де, оны қатты жақсы көретінмін. Бір-ақ сурет. Мауқымды басатын.

Әкем мен анамнан естіген ең әдемі, керемет сөз - «атаңа ұқсайсың» деген сөз.

Әкеме келіп: «Атам қайда? Неге ол бізбен бірге емес? Неге мен атамды көрген емеспін?» деген мыңдаған сұрақтарыма естіген жауабым «Ол да сені жақсы көреді. Атаң өте алыста» деген бір ауыз сөз болатын. Мүмкін мені аузынан сүті кетпеген сәби көрді ме, әлде кішкентай кеудемдегі үп-үлкен жүрегімді жаралағысы келген жоқ па, әйтеуір сөздері ащы емес еді. Бірақ сөздері алдаса да, көз алдамайды ғой.

Сұрақтарыма жауап тым кеш, қолыма жырым-жырым, беттері санаулы ғана, сарғайып, тозып кеткен, құдды бір отқа кіріп шыққандай дәптер мен бір уыс хаттарды ұстаған кезде айтылды.

Жасым отыздың жартысына келгенде ғана әкем менімен ересек адамдарша сөйлесе бастады. Жүрегім қас айырылғандай болды. Дәптерді құшақтаған күйі бөлмеме жүгіріп келіп, үстелдің астына кіріп, беттерді сабырсыздана ақтара бастадым. Атамның иісі. Бауырыма басып, қатты-қатты құшақтап алдым.

«...Бұл күнделігімді соғыста емес, қуанышты күндерде арнағым келген. Бірақ армандар үнемі орындала бермейді ғой» деп басталған сәттен көздерім жасқа шомылып, шарасыз айдынынан аса бастады.

«Шаңырақ аман ба?» деп басталған хатынан «Апатайым! Сізге деген сағынышымнан қолымдағы қаламым мені еріксіз тауып алғандай. Шөпілдетіп сүйген мандайымдағы сіздің иісіңіз - маған азық. Мен аманмын. Мені ойлап уайымдамаңыздар. Алла сізді, жарымды, ішіндегі құлынымды сақтасын! Өздеріңіздің жылы-жылы хаттарыңызбен мені мына суықта қорғаңыздар.

17 сәуір, 1943 жыл»

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жүрегім қырық бөлшекке бөлініп кеткендей.

«Күздің қара суығы мен аспанның қарасы мені жалғыз қайың ағашындай тастап кетіп барады. Қорғанынан айырылған қамал іспетті жападан жалғыз қалып бара жатырмын. Бауырларымның өмірін жалмаған мына күндер мені де бір күн ала кетсе, мені сарғайып тосып отырған анашымның жүрегі қас айырыла ма деген қорқыныш алдыға қарай сүйрейді. Алға қарай жүрген сайын балапаным жүгіріп келетіндей. «Әкетайым» деген жүрегімдегі дауысы мына соғыстың үнін бір мезет өшіретіндей болады...»

Күнделіктің соңғы, бір үзім жапырағы. Қорқыныш оны жападан жалғыз айдалада тастады да кетті.

Әттең, уақытты артқа шегергенде, сол мезетке оралып, көздерінің жасын сүртіп, құшақтап тұрып, құлыншағының даусын салып, «армандар орындалады» дер едім...

Атам Отан үшін, өз анасы мен жарының, ұрпағының амандығы үшін өзінің өр кеудесін оққа тосты. Жат жердің топырағы бұйырса да, туған жер мен ел алдындағы парызын өтеп, абыроймен көз жұмды. Өз көзімен көрмесе де, іште қалған құлынының жарық дүние есігін ашып, ер жеткенін, өмірінің жалғасы - немерелерінің өзі туралы естеліктерді оқып, атасын сағынатынын, ерлігіне тағзым ететінін сезіп жатқан болар. Артында қалған ұрпағыңды желеп-жебей гөр, АТА!

Ананы зар жылатқан, асыл жарды жесір еткен, балапандарды жетімсіреткен қаралы күндер артта қалды. Алла бізге аспанын қара бұлт торламаған, жаймашуақ, егеменді елде өмір сүруге мүмкіндік беруде. Кез келген елдің бағына бұйырмаған осындай бейбіт өмірді сыйлаған ержүрек батырларымызға, ата-әжелерімізге мың тағзым!

Түгелбаева Жадыра

8 сынып, №5 орта мектеп
Мұнайлы ауданы,
Жетекшісі: Тураева А.М.

Ер есімі – ел есінде

«Отан – оттан да ыстық» әрбір жанға өзінің отбасы, туған - туыстары, жолдастары ыстық болса, Отан да адам баласына солай ыстық. «Отан» десе әрбір адамның жүрегіне жылы тиері анық. Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс - күймейсің» дегеніндей, Отан үшін еткен әрбір еңбек зая кетпейді. Отанды сыртқы жаудан қорғап, қадірлеп, қастерлеу әрбіріміздің міндетіміз, қасиетті борышымыз. Отан - ата-бабаларымыздың білегінің күшімен, найзасының ұшымен, қасық қаны қалғанша небір жаумен дамылсыз күресіп, мықтап қорғап келген асыл құндылығымыз. Халқымыздың басынан небір қиын-қыстау кезең өтті емес пе?!

Соның бірі - Екінші Дүниежүзілік 1941-1945 жылдар аралығында өткен Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Көзге жас келтіріп, көңілге мұң ұялататын ауыр кезең-ді. Сол жылдары әрбір үйдің іргесін қалап, тұтқасын ұстап отырған ер азаматтары мен әрбір үйдің қаншама сүйікті ұл-қыздары майданға аттанып, қыршынынан қиылды. Ошағының отын үрлеген аналар, жәутендеген жетім қалған балалар, майданға кеткен әрбір жанды үміттерін үзбей асыға, зарыға күтті емес пе?..

Төрт жыл... 1418 күн өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін сан қилы соғыс жүріп жатты. Майданда жүріп қаншама қиын кезеңдерді бастан кешіріп, қолындағы суық қаруын өзіне қарсы тұрған жауға кезеп, бүкіл өмірін Отанына арнаған, Отаны үшін өмірін, артында қалған етжақындары үшін жандарын қиып ерлік көрсеткен қаншама азаматтарымыз болды емес пе? Соғыс жылдары КСРО 270 млн. азаматынан айырылған екен. Оның ішінде 4101 мыңы қазақстандықтар болып жатты. Отаны үшін «Жұмыла артқан жүк жеңіл» дегендей, бұл соғыста тылда жүргендердің барлығы да «Бәрі де жеңіс үшін, бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен күн демей, түн демей тойып тамақ ішпесе де, таңнан тұрып, қара кешке дейін жұмыс істеді. Үлкендермен қатар балалардың да тигізген үлесі мол болды. Еңбекке жарағанының барлығы қажырлы еңбек атқарды, сөйтіп жеңіске өз үлестерін қосты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Осынау азапты жылдарда бүкіл КСРО бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер осы елдегі ең жоғарғы құрмет «Кеңес Одағының батыры» атағын иеленді, солардың қатарында қазақ ұлтының азаматтары - 103. Осыдан-ақ қазақ халқының жеңіске өздерінің лайықты үлесін қоса білгендігін көруге болады.

Міне, Ұлы отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін тарихта өшпестей боп мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңіске жетуге барлығы бір кісідей атсалысқан тыл ардагерлері де атап өтеді.

Қазақ қанынан жаралған жас ұрпақтың Отан үшін от кешкен аталары мен апаларының есімдерін қастер тұтып жүргендері абзал. Солардың бірі – Кеңес Одағының құрметті батыры, полковник, даңқты жауынгері - Бауыржан Момышұлын ерекше атап өтуге болады. Жау шебінде жүрек жұтқан ерлігімен, қайсарлық, шыдамдылығымен қатар жүргізген тактикалы әдіс-тәсілдерімен ерекшеленгені анық. «Білекті бірді, ақыл-айлалы мыңды жеңеді» дегеніндей, халық айтқан даналық сөз соған дәлел. Және де жаужүрек сарбаздарды жігерлендіру мақсатында сан алуан қанатты сөздерімен ерлікке бастады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» дегеніндей ішкі тәртіп пен ауызбіршілікті қатаң ұстаған даңқты жауынгер еді.

Бауыржан Момышұлы - әртүрлі нақыл сөздер мен кітаптардың авторы. Соғыстан кейінгі жылдары шығармашылықпен айналысқан екен. Әсіресе «Қанмен жазылған кітап» атты туындысы соғыстағы қиындықтарды көрсетеді. Ол «Қызыл Жұлдыз» газетіне «Өз ұлтын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам» деп өзінің халқын қаншалықты құрметтейтінін жазған. Сан рет қол бастап шығып, жеңіске жеткен қазақтың біртуар, қайталанбас зор тұлғасы. Бауыржан ағаға әспетті әдеби тілдің қай теңеуін теңесең де бәрі лайық!

Майданға тек ер азаматтар емес нәзік жанды әйел азаматтар да аттанды. Солардың алғашқылары болып, шығыстың қос жұлдызы - Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлова апаларымыз ерлермен тізе қосып, талай рет жауға тойтарыс берген. Небары 17-18 жастағы өрімдей жас қызғалдақтарымыз өздерінің ержүрек, батыл да, қайсар мінездерімен майдандағы барлық ауыртпалықтарды ерлермен қатар көрді. Қолдарына пулемет алып, жауға қарсы тұрып, «Отан үшін, алға!» деп айқайлай ұрандатып, Отаны үшін еш қаймықпастан зор ерлікпен жандарын қия білді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Оқ пен от бүркеген сол соғыстың ызғарлы күндерінде бір қолына қаруын, бір қолына қаламын алып, майданға аттанған ақын-жазушылар аз болған жоқ. Жалпы 120-дан астам ақын-жазушы өз еркімен майдан шебіне аттанған екен. Қазақ әдебиетінің тарихында Қасым Аманжолов та майданға арнап көптеген лирикалық өлеңдер жазған. Сондай-ақ Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ілияс Есенберлин, Әзілхан Нұршайықов т.б. жазушылар Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанған еді. Сырбай Мәуленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» әнін жатқа айтпаған қазақ жоқ шығар. Қалижан Бекхожиннің «Партизан – Балтабай», «Кек» сынды туындылары майдан шебіндегі қиындыққа толы өмірді суреттеп көрсетеді. Бір ғасыр өмір сүрген, халықтың басынан өткен барлық ауыртпашылықтарын көре білген, сезе білген халқы үшін жан күйдіре білген, қазақтың біртуар ұлы Жамбыл Жабаев та жалынды шығармаларымен майданға аттанған сарбаздардың рухын көтеріп, күш-қуат, дем беріп отырған. «Ленинградтық өренім» өлеңі соғыс жылдарында Отан үшін шайқасып жатқан барлық халық жүрегіне енгені анық. Сол жылдары өлең қолма-қол орыс тіліне аударылып, майдан мен тылға кеңінен таралған. Ақынның оқ тескен өлеңдері қаза тапқан жауынгерлердің қойын қалтасынан табылған. Ақынның сүйікті ұлы Алғадай да ерлікпен жау қолында қаза тапқан.

Бізге ең маңыздысы – кешегі Ұлы Дала тіккен ерлік туын құлатпай, асқақ ұстаған осы заманғы батырларын жас ұрпақ қастер тұтсын, ардақтасын деген ізгі тілекті жүзеге асыру. Сұм соғыс кезіндегі зұлмат жылдардың куәсі болған әрі біз үшін, туған жері үшін жан аямай күресіп, бізге бейбіт өмір мен жарқын болашақ сыйлаған ардагерлерлерімізге құрмет көрсету – біздің парызымыз. «Ер есімі – ел есінде» - дегендей, олардың жасаған ерлігін келешек ұрпақ ешқашан ұмытпақ емес. Ата-бабаларымыздың осынау қайнаған қанды шайқаста көрсеткен ерен ерліктері тарих бетінде алтын әріптермен жазылып, ел жадында мәңгі жатталып, сақталады.

Тулеева Меруерт

10 сынып №17 ЖББ орта мектеп

Ақтау қаласы

Жетекшісі: Жансая Э.Б.

Жеңіс тұғыры

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өртішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі Беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кешегі мектеп партасында отырған бозбалалармен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясымен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға далайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық кекімәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлының, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды.

Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола - Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпы одақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды.

Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатын атағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилья, торпедокатерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өзүлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

берді. Бұл соғысқа дейінгі бесжылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағышығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Еразаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Польшадан жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылғасозылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүрсілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым теміржол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухананемесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған